

**Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен педагог-психологтың
2022-23 оқу жылының ІІ-ші жарты жылдық есебі**

М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясында 4 мүмкіндігі шектеулі балалар оқиды: Сағындық Алинұр 1 «В», Амангелді А 5 «З», Дулат Диас 3 «З», Болатхан Ислам 5 «В».

Педагог-психологтар жыл бойына кәсіби дамуын жалғастыруда. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс бойынша арнайы әдебиеттердегі жаңалықтар зерделеніп, психодиагностикалық және психокоррекциялық әдіс-тәсілдер тізімін толықтырды.

Оқушыларды сабақтарда сыныптастарымен және мұғалімдерімен қарым-қатынастарын, білім алуға деген мотивациясын бақылау жұмыстары жыл бойына жалғасып отырды.

Мектебімізде ІІ-ші жарты жылдықта мүмкіндігі шектеулі оқушыларды оқыту жеке тұлғаны дамытуға бағытталған түзету-дамыту білім беру мен оқыту арқылы тірек-қимыл аппараты бұзылған баланың жан-жақты әлеуметтенген тұлғасын қалыптастыруға, қажетті өмірлік маңызды білім, қабілеттері және табысты әлеуметтік бейімделуі, білік және дағдыларды меңгеруіне ықпал етуге бағытталған.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмысытың негізгі бағыттары: түзету-дамыту жұмыстары; кеңес беру жұмыстары жалғасты. Оқушылармен түзете-дамыту ойындары жүргізіліп, ата-аналар мен мұғалімдерге психологиялық кеңестер беріліп отырды.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жүргізілетін жұмыстың басым түрі – түзете-дамыту жұмыстарын ІІ-ші жарты жылдықта қамтылады.

Баламен жүргізілген диагностиканың қорытындысы түзете-дамыту жұмысы бойынша мынадай бағыттарды айқындап берді:

- сенсорлық және сенсомоторлық дамуын қалыптастыру;
- кеңістік-уақыт түсініктерін қалыптастыру;
- пішін мен көлем, түсті қабылдауын қалыптастыру;
- салыстыру, талдау, жинақтау, қорытындылау, жалпы ойлау операцияларын қалыптастыру;

— зейіннің тұрақтылығын, зейін шоғырлануын дамыту;

— көру, есту арқылы есте сақтауын дамыту;

— психомоторлық дамуды жүзеге асыру мен сөйлеу тілін, сөздік қорын арттыру. Айқындалған бағыттар негізінде балаға түзете-дамыту бағдарламасы құрылады. Түзете-дамыту бағдарламасы баланың танымдық қабілеттерін дамытуға, баланың дамуындағы бос орынды толтыруға бағытталады. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін баланың жеке жас ерекшеліктері, қабылдау деңгейі ескеріліп, әр тақырыпқа тапсырмалар тізбегі даярланады.

2022-2023 оқу жылында мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмысымызды саралай келе, келесі бағыттар бойынша түзету-дамыту жұмыстарын жалғастыру қажет:

- өзіне деген сенімділікті қалыптастыру;

- жалпы және ұсақ моториканы дамыту жұмысын жалғастыру;

- өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту (тәрбиешінің орындауын күтпей, кейбір әрекеттерді өзіңіз орындаңыз, мысалы: киім ауыстыру, оқулық ашу және т.б.);

Педагог-психолог:



Ж.Н.Бакирова

С.М.Бектурганова